САРЫАҒАШ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЖҮК ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ 4 ЖҰП ПОЙЫЗҒА КӨБЕЙДІ 2-бет


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№14 (2398) 26/02/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz


Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Гафу НЕСИПБАЕВ,**
**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОСТАНАЙСКОГО ФИЛИАЛА ПРОФСОЮЗА:**

**«НАШ КОЛЛЕКТИВНЫЙ ДОГОВОР – ОДИН ИЗ ЛУЧШИХ В РЕСПУБЛИКЕ. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ПОДПИСАНЫ ТРИ ОТРАСЛЕВЫХ СОГЛАШЕНИЯ С РАЗНЫМИ МИНИСТЕРСТВАМИ. НЕОБХОДИМО ПРОДОЛЖАТЬ РАБОТУ В СФЕРЕ ОХРАНЫ ТРУДА С ЦЕЛЬЮ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ, СОХРАНЕНИЯ ЗДОРОВЬЯ РАБОТНИКОВ ТРАНСПОРТНОЙ ОТРАСЛИ»**

СОТРУДНИЧЕСТВО

### НОВЫЙ СТАРЫЙ РЫНОК

**Казахстан, Россия и Иран подписали соглашение по торговле пшеницей. Теперь казахстанское зерно по железной дороге будут поставлять в Иран. Трехстороннее соглашение подписали министерства сельского хозяйства трех стран. Они договорились также о дальнейшем транзите и экспорте в соседние государства.**

Отметим, что на Иран и приграничные страны – Сирию, Афганистан и Ирак – приходится 70% от общемирового потребления зерна. Поэтому такое сотрудничество имеет долгосрочные перспективы, подчеркивают в Минсельхозе Казахстана. Наша страна может поставлять в Тегеран от 500 тысяч до миллиона тонн пшеницы в год. Всего же в прошлом году было экспортировано около 12 миллионов тонн зерновых. По словам специалистов, прошлый год для Казахстана был очень удачным. За календарный год страна экспортировала 11,7 миллиона тонн зерновых

– Рынок Ирана для нас очень интересен. Мы рассчитываем, что объемы могут достигать от 500 до миллиона тонн пшеницы, – отметила вице-министр сельского хозяйства РК Гульмира Исаева.

Последние три года Иран не импортировал пшеницу. Это связано с высоким урожаем собственного зерна, достаточными запасами от предыдущего импорта и поддержкой отечественных фермеров. Бизнес-климат Ирана могла изменить сама природа. В прошлом сезоне страна не получила желаемый урожай из-за сильной засухи. До дефицита не дошло, однако показатели собранного зерна оказались ниже планируемых. Кроме этого, Тегеран все-таки обратил внимание на нераскрытый потенциал собственного агросервиса. По подсчетам экономистов, для внутреннего рынка Ирану необходимо около 12 миллионов тонн зерна, в то время как в стране созданы перерабатывающие мощности в объеме до 24 миллионов.

– Это соглашение выгодно и для Ирана, и для Казахстана, и для России. Иранские мукомольные предприятия современны и имеют большие мощности, но загружены наполовину. Мы будем и дальше укреплять сотрудничество в сфере логистики и транзита товаров через Иран в приграничные страны, – сказал замминистра сельскохозяйственного джихада Ирана Али Акбар Мехрфард.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

ЦИФРА НОМЕРА

**БОЛЕЕ**

**4300**

**РАБОТНИКОВ В АО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПРОЙДУТ ОБУЧЕНИЕ В 2019 ГОДУ**

МАЗАСЫЗ МАУСЫМ

Бір аптадан кейін көктемнің алғашқы айы да тумақ. Күннің көзі жылынып, солтүстікте қалың қардың көбесі сөгіліп, кәдімгідей көктем хабары білінуде. Табиғаттың жанға шуақ сыйлайтын мезгілінің «тосынсыйы» – алты ай қыс жиналған қар мен мұздың еруімен, оған қоса кейде толассыз жауатын жаңбырдан пайда болатын су тасқынының болу қаупі. Теміржолшылар жылдағы әдеттерімен селдің және ағын судың кедергісіз өтуіне қамданысты бастап кеткен.

# СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАНДАЙ?











**Ислам ТАЛҒАТ**

Биыл да «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жасанды құрылыстарды, жолдарды уақытылы дайындап, пойыздардың қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында Компания басшылығының 2019 жылдың 13 ақпанында «Жолдар мен жасанды ғимараттарды мұз бен ағын суды өткізуге дайындау туралы» №122-ЦЗ бұйрығы шыққан. Осы бұйрық негізінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау үшін Оңтүстік өңір бойынша 1 наурызға дейін, Батыс және Шығыс аймақтар бойынша 15 наурызға дейін, Солтүстік өңір бойынша 1 сәуірге дейін қойтастар, рельстік пакеттер, темірбетонды шпалдар тиелген 42 ағын суға қарсы пойыздар жасақталмақ.

– Жол шаруашылығы бойынша жоғарыдағы бұйрықты негізге ала отырып, жолдар мен жасанды құрылыстардың сақталуын және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырушылық-техникалық шаралар әзірленді. Қауіпті деген 673 орынның тізімі жасалды. Локомотив бригадалары бұл жерлерден өткенде айрықша қырағылық танытатын болады. Бұдан бөлек кездейсоқ оқиғалар бола қалған жағдайда, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары – жол және магистральдық желі бөлімшелері директорларының, жол дистанциялары бастықтарының жасайтын нақты іс-қимылдары белгіленіп отыр. Сонымен қатар жергілікті органдармен және аймақтық ТЖ департаменттерімен бірлесіп, су қоймаларының, ауылшаруашылық тоғандардың жағдайы тексерілуде. Сондай-ақ, жағдай шиеліністе түскен жағдайда төтенше жағдайлар бойынша өзара әрекеттесу мәселелері талқыланып, теміржолға жақын орналасқан автомобиль жолдарының жасанды ғимараттарының су өткізу қабілетінің жағдайы назарға алынып отыр, – дейді Жол және құрылыстар департаменті директорының күрделі жөндеу жөніндегі орынбасары Саят Бакиров.

Оның айтуынша, бүгінде көлік құралдары, дрезиналар, автотракторлық техникалар толық дайындалып, жанар-жағармай материалдарының апаттық қоры жасалған. Ал қазір көпір, құбыр саңылауларының қардан, мұздан, қоқыстан тазарту бойынша, сондай-ақ, тіреуіштерді мұздан тазарту, таудағы және су бұрғыш орды, жыраларды ашу, жер төсемінің жарамсыз телімдерін қардан толық тазарту жұмыстары қызу жүріп жатқан көрінеді.

Департамент өкілі, ағын суды өткізу барысында тәулік бойы жауапты тұлғалардың кезекшілікке тұратынын айтты, сонымен қатар темір жол инфрақұрылымының зақымданбай, тұтастығын сақтап қалу және ағын судың кедергісіз өтуін бақылау мақсатында қосымша тексерулер ұйымдастырылмақ екен.

Бүгінгі күнде 2845 текше метр қой тас пен 8000 кондициясыз темірбетон шпал дайындалып, 7 ағын суға қарсы пойыз жасақталған. Бұдан бөлек, 81 су қоймасы мен 7 ауылшаруашылық бөгеті тексеріліп, 1127 көпір, 2323 құбыр, 686 метр су бұру оры мен жыралары тазартылған.

ЖАСТАР ЖЫЛЫ

# ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ ДӘРІПТЕЛДІ

«Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешенінде «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен алғаш рет жас теміржолшы отбасыларына арналған «Өнегелі отаудың өрісі кең» фестивалі өтті.



**Сұлугүл БАКЕСОВА**

Шараға 10 отбасы қатысты. Фестиваль аясында жас теміржолшы отбасыларына алдымен «Келешек» психологиялық орталығы ЖШС директоры, жоғары санатты психолог Наталья Семененко «Жас отбасы – ерекшеліктер мен проблемалар» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Бұл тренинг барысында қатысушылар отбасында туындайтын проблемаларды шешу, өзара түсіністік, қарым-қатынасты нығайту, өнегелі отбасы болуға ұмтылу, бала тәрбиесі, тағысын тағы мәселелерді талқылап, өз ойларын ортаға салды. Бұдан кейін «Отбасы визиткасы» сайысында қатысушылар өз отбасылары туралы бейнебаяндама жасады. Айтуларынша, 10 отбасының мүшелері бір-бірін осы темір жолда жолықтырып, табысқан. Олардың арасында үйде де, түзде де бірге, яғни вокзалда бір ауысымда кезекші немесе бір пойызда жолсерік болып бірге жұмыс істейтін ерлі-зайыптылар да бар екен.

Фестивальға қатысушылар сонымен қатар «Отбасы образы және XXI ғасырдағы отбасы құндылықтары» тақырыбында ашық диалог алаңында әңгіме-дүкен құрып, отбасы құндылығына қатысты өз ойларын ортаға салса, ойын форматында өткен «Отбасылық зияткерлік баттл» сайысында Компания мен еншілес ұйымдардың Ұжымдық шарттарының нормалары мен ережелерін білуге қатысты білім жарыстырды. Шараға қатысушыларға, сондай-ақ, сурет салу, қолөнер, вальс билеуден шеберлік сыныптары өткізілді.

«Фестивальдің мақсаты – жас отбасылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, отбасылық рухани құндылықтар мен дәстүрлерді жаңғырту, сондай-ақ, жас отбасылардың кәсіподақ қозғалысына сенімді қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы шараны өткізу арқылы біз отбасы институтын нығайтуды, отбасылық қарым-қатынаста, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінде әйелдер мен ерлердің мүмкіндігін тең дәрежеге жекізуді, сондай-ақ, қоғамда жас отбасының рөлін арттырып, ана, әке болудың ақыл тоқтатқан кемел шағына қолдау білдіруді және де жастар арасында дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттауды көздеп отырмыз. Фестивальға 18-35 жас аралығындағы ерлі-зайыптылар қатысты. Жас теміржолшы отбасына арналған фестиваль бірінші рет өткізіліп отыр, келешекте бұл шара жалғасын тауып, одан әрмен қарай жетіле береді деген ойдамыз», – деп өз ойымен бөлісті Орталық кәсіподақ ұйымының өкілі Нұрлан Нұрпейісов.

Жалпы «Өнегелі отаудың өрісі кең» фестивалінің өткізілуі жас теміржолшы отбасыларына жаңа серпін бергені анық. Қатысушылар жас отбасыларын қолдап, бағыт-бағдар беретін мұндай шараның маңызы зор екенін жеткізді.

Фестиваль соңында отбасылар дипломдармен марапатталып, ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

*(Тақырыптың жалғасы 3-бетте.)*

НОВОСТИ

### А СНЕГ ИДЕТ...

**Сильный снегопад, метель и ветер до 10 метров в секунду в течение двух дней шли в Карагандинском регионе. Работники отделения магистральной сети с вызовом стихии справились. Для устранения последствий снегопада задействовали более 20 единиц снегоуборочных машин, вывезено более 6 500 кубометров снега.**

– На сегодняшний день у нас имеется утвержденный план работы по снегоборьбе. Согласно установленному графику на каждой станции очистку от заносов производят работники всех служб, – рассказывает начальник отдела пути филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Канат Ибраев.

По его словам, к снегоборьбе подключились и сотрудники аппарата управления. Ежедневно в очистке снега принимает участие около 40 человек. Все это делается в целях предотвращения простоя поездов.

Кроме того, организовано круглосуточное дежурство. В период снегопадов на очистке снега было задействовано около 20 единиц техники, в том числе машины СМ-2, СМ-7, СМ-5, СДПМ, Струг. Выгрузка снега за последние дни составила более 6 500 кубометров снега. С 20 на 21 февраля на борьбу со снегом были задействованы около 300 монтеров пути.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*

### СОЗДАТЬ ПРЕИМУЩЕСТВА

**Перспективы развития транзитного направления «железная дорога – авиаперевозки» обсудили на встрече генерального директора Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлана Абсатова с представителями Службы грузовых перевозок в аэропорту Астаны.**

Планируется, что в проекте примут участие АО «KTZ Express», АО «Международный аэропорт Алматы», Turkish Cargo и ТОО «Asia Freight». Этот маршрут станет конкурентом более южного – «море – авиаперевозки».

Наряду с этим были обсуждены проблемные вопросы, препятствующие дальнейшему развитию авиационной логистики и транзиту через нашу страну. Их решения СТК «KAZLOGISTICS» планирует добиться с помощью рабочих групп при центральных государственных органах.

Кроме того, Ерлан Абсатов ознакомился с работой грузового терминала аэропорта Алматы: процессами разгрузки воздушного судна, приемки и размещения грузов на склад временного хранения, работой курьерской зоны, зоны экспорта, а также транзитно-трансферной.

*Любовь НЕГЕМБЕЛЕВА*

### НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ

**Вопросы интеграции Казахстана в международные транспортно-коммуникационные потоки и увеличение транзитного потенциала рассмотрели участники заседания комиссии партийного куратора по направлению «Индустриальное развитие» – депутата Мажилиса Парламента РК Аманжана Жамалова, которое состоялось в Центральном аппарате партии «Нұр Отан».**

В мероприятии приняли участие представители Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS», уделившие особое внимание вопросам развития транспортно-логистической системы.

В своем выступлении генеральный директор СТК «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов рассказал о системных проблемах по видам транспорта, которые требуют скорейшего решения. Он предложил целый ряд актуальных решений для дальнейшего качественного развития транспортно-логистической отрасли. По его мнению, во-первых, необходима разработка и утверждение долгосрочной стратегии развития транспортной отрасли. А также ее корреляция с отраслевыми программами по поддержке экспорта.

Кроме того, он считает, что нужно сделать акцент на сервисе, а это и внедрение IT-решений, и цифровизация процессов и алгоритмов, и сервис по отслеживанию грузов, а также модернизация внешних пунктов пропуска по примеру «Нұр жолы» на казахстанско-китайской границе.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ЕҢ ҮЗДІК ТЕХНИКАЛЫҚ КЛАСС

**Былтыр 1-30 қараша аралығында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалдары арасында өткен «Техникалық оқуға – ерекше назар» атты айлық қорытындысында Маңғыстау ЖТ бөлімшесі «Ең үздік техникалық класс» номинациясымен 1 орынды жеңіп алды.**

Бұл туралы бөлімше директорының орынбасары Ерлан Бүркітов мәлімет беріп, аталған жетістік ұжымдағы техникалық мамандық иелерінің жемісті еңбегінің арқасы екенін айтты.

– Атап айтар болсам, бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Ернар Айдарханов бастаған жас та болса бас болып жүрген қабілетті азаматтардың еңбегі зор. Сонымен қатар бұл жетістік Нұркен Қосымов, Жасұлан Нұрпейісов, Ербол Тілегенов, Рзабек Түрікпенбаев, Бектұр Исатаев сынды әріптестеріміздің еселі еңбегінің жемісі деп білемін. Олар техникалық класты тек безендіріп қана қоймай, филиалдың барлық тоқтаусыз жұмыс үдерісін ұйымдастыруға атсалысады. Сондықтан да болар темір жолда өндірістік-техникалық бөлімді кәсіпорынның «миы» деп атайды, – дейді Е. Бүркітов.

Аталған бөлім бастығы Е. Айдархановтың айтуынша, айлық шара аясында бірнеше номинация бойынша теміржолдағы оқу-техникалық саласына баға беріледі. Мәселен, осы «Ең үздік техникалық класс» номинациясынан өзге «Ең үздік оқыту шебері» және тағы да басқа аталымдарда марапаттар ұсынылады.

– «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның өндірістік-техникалық даму департаментіне өзіміздің техникалық класымызды суретке түсіріп, барлық құжатымызды түгендеп салып жібердік. Сол бойынша олар басқа өңірлермен салыстыра отырып баға берді. Маңғыстау жол бөлімшесінің техникалық класында сала мамандарының толыққанды білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Мәселен, компьютер, телевизор, проектор, плакаттар, еңбек қорғау және қауіпсіздік тақырыбындағы қабырға стендилері, нормативтік құжаттар, суреттер, кітаптар және оқулықтармен толық қамтамасыз етілген, – дейді ол.

*Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ*

## «АДАЛ ЖОЛ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

**Ақтөбеде «Адал жол» жобасы аясында Қазақстан темір жолы саласындағы халыққа қызмет көрсету сапасына бақылау жұмыстары жүргізілді.**

Өңірде Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік қоғам өкілдерімен бірлесе «Билетсіз жүріс жоқ» акциясын ұйымдастырған. Нәтижесінде халықаралық бағыттағы пойыздарға билетсіз жолаушы мінгізген 3 жолсерік 7 АЕК көлемінде айыппұл төлеген.

«Қоғам өкілдерімен бірге ұйымдастырылған «Билетсіз жүріс жоқ» акциясы кезінде «Алматы-Атырау», «Москва-Ташкент», «Ташкент-Уфа» бағытындағы пойыздарға билетсіз мінген 19 жолаушы анықталды. Нәтижесінде 3 жолсерікке 7 АЕК айыппұл салынды. Сондай-ақ, рейд қорытындысы бойынша «Ақтөбе – Маңғышлақ», «Ақтөбе – Атырау», «Ақтөбе – Алматы» бағытындағы пойыздарда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасалмаған. Оларда төсек-орын жабдықтарының пайдалану мерзімі жоқ екендігі де анықталды. Осы әкімшілік құқық бұзушылық бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на 35 АЕК айыппұл салынды», – дейді Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысы Расул Медетов.

Агенттік өкілдерінің мәліметінше, 10-нан астам темір жол қызметкерлеріне қатысты тәртіптік шара қабылданған. Оның ішінде жұмыстан босатылғандар да бар.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*

## МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ



**«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры, инфрақұрылым жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Орынбасаровтың 19.02.2019 жылғы ЦУДИ-06-02/27 хаттамасына сәйкес 2018 жылдың қорытындысымен Мұхтар Бақтыгереев басқаратын Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі үздік баға алып, 1-орынға ие болды.**

Жүлделі 2-орын Қостанай магистральдық желі бөлімшесіне, 3-орын Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің еншісіне тиді. Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі – 1115 км құрайтын Өзбекстан мен Түрікменстан сияқты шет елдермен шекарасы түйіскен жас болса да жан-жақты әрі тәжірибесі мол ұжым. Бөлімше бойынша 2018 жылдың 12 айында қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғасы тіркелген жоқ. ПС-058 жол өлшегіш вагонының бақылау тексерісі қорытындысы бойынша жол күтімі бөлімшеде 64 бірлікке орындалған, ал жоспар 74 бірлік, яғни 115 пайызға орындалып отыр. Өндірістік жарақаттану оқиғалары орын алмады. Әрине, мұндай жеңіске бөлімшенің жоғарғы басшылығынан қатардағы жұмысшысына дейін бір кісідей жұмыла еңбек еткеннің арқасында қол жеткізіліп отыр.

– Өткен жылы Маңғыстау-Бейнеу учаскесінде жолдың үстіңгі құрылысына 73,3 км күрделі жөндеу жұмыстары және 20 км орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл да 56,6 км күрделі жөндеу жұмыстарын және 21 км орташа жөндеу жұмыстарын жасау жоспарланып отыр. Алла абырой беріп, теміржолымыз көркейіп, жолаушыларымыз уайымсыз, пойыздарымыз тоқтамай жүріп тұрса, теміржолшы алмайтын қамал жоқ, – деп мерейі үстем болған Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші инженері Марлен Көктеубаев өз қуанышымен бөлісті.

*Әсел ТАҢАТАРОВА, Маңғыстау*
*Суретті түсірген автор*

ТАСЫМАЛ

# ҚОСЫМША ЖОЛДАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі өткен жылды табысты аяқтады. Атап айтқанда, қозғалыс қауіпсіздігі, шығындар бюджетін орындау, тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасын және еңбек қорғау шарттары мен тәртібін сақтау бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілді.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

Пайдалану көрсеткіштерінің алтауы ғана мәреге жетпеді, олар: жүк вагонының орта тәуліктегі өнімділігі, бос вагондардың тиелген вагондарға қатынасы, жүк вагонының орта тәуліктік жүрісі, жүк вагонының айналымы, бір техникалық станцияда транзиттік вагонның бос тұруы және учаскелік жылдамдық.

Жүк айналымы жоспар бойынша 9 млрд 423 млн ткм нетто болса, іс жүзінде 9 млрд 453 млн 8 мың ткм неттоны құрап, 100 % орындалды. Өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда жүк айналымы 110% орындалған.

Жүк вагонының орта тәуліктегі өнімділігі жоспар бойынша 5 мың 984 ткм нетто болса, іс жүзінде 5 мың 631 ткм нетто немесе 94% орындалды, ал өткен жылмен салыстырғанда орындалуы 92%-ды құраған.

Мұның себебі, Өзбекстанның «УТЙ» АҚ Сарыағаш түйіспесінен пойыздарды уақытылы алып кетпеу салдарынан 2 219 пойыз (116 081 вагон) тасталып, жұмыс паркі осы жылға орта тәулікте 286 вагонға, ал өткен жылы 742 вагонға көп ұсталынды. Тиелген вагонның орташа динамикалық жүктемесі жоспар бойынша 50,34 тонна болса, іс жүзінде 50,56 тонна немесе 100% орындалды. Бұл өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда 96% орындалған. Себебі, контейнерлік пойыздардың 1 041 пойызға көбеюінен (2017 жылы 2055 пойыз болса, 2018 жылы 3096 пойыз болған) және осы контейнерлік пойыздар санының ұлғаюы ескерілмей, жоспар көбірек берілген.

«Шымкент ЖТ бөлімшесі» филиалының техникалық бөлім басшысы Ілияс Нұржановтың айтуынша, «ҚТЖ-Экспресс» пен ЖТ-нің және ДГП-ның реттеуімен бос вагондар жөнелтіліп, бос вагон жүрісі көбейген. Жүк вагонының орта тәуліктік жүрісі жоспар бойынша 198 км болса, іс жүзінде 186 км-ге немесе 94% орындалды. «УТЙ» АҚ Сарыағаш түйіспесінен пойыздарды уақытылы алып кетпеу салдарынан бөлімшеде 2 219 тастанды пойыз пайда болған.

Жүк вагонының айналымы жоспар барысындағы 1,86 тәулік болса, іс жүзінде 1,98 тәулікке немесе 94% орындалды. Өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда 94% орындалған. Мұнда да негізгі себеп, «УТЙ» АҚ Сарыағаш түйіспесінен пойыздарды уақытылы алып кетпеу салдарынан, жұмыс паркі орта тәулікте 286 вагонға, ал өткен жылмен салыстырғанда 742 вагонға көп ұсталып, 2 219 пойыз тасталынған.

Ал жергілікті вагон айналымы жоспар барысындағы 1,17 тәулік орнына іс жүзінде 1,17 тәулікке немесе 100% орындалды. Бұл Дарбаза, Сарыағаш станцияларына Өзбекстан мемлекетінің жүк қабылдаушыларына келген жергілікті вагондардың көбеюінің салдарынан болған.

Бір жүк операциясында вагонның бос тұруы жоспар бойынша 17,47 сағат болса, іс жүзінде 16,84 сағатты құрап, 103% орындалды, өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда 99% орындалған. Өткен жылмен салыстырғанда жергілікті вагондардың (негізгі ағаш тиелген вагондар) артық келуінен Дарбаза, Сарыағаш, станцияларында түсіру алаңы аз болып, күтіп тұрғандықтан орындалмаған.

> 2019 ЖЫЛЫ ҚОСЫМША ЖОЛДАР ТОЛЫҚТАЙ ІСКЕ ҚОСЫЛСА, САРЫАҒАШ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ПОЙЫЗДАРДЫ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТӘУЛІГІНЕ ОРТА ЕСЕППЕН 30 ЖҰП ПОЙЫЗ ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК ТУАДЫ.

Бір техникалық станцияда транзиттік вагонның бос тұруы жоспар бойынша 7,37 сағат болса, іс жүзінде 8,35 сағатты құрап 88% орындалды. Учаскелік орташа жылдамдық 99% орындалған, жоспар бойынша 41,46 км/сағ болса, нақтысы 41,06 км/сағ құрады. Ал өткен жылмен салыстырғанда 91% орындалған.

Арыс-Түркістан және Арыс-Түлкібас телімдерінде 62 км жол жөндеу жұмыстары орындалды. Осыған байланысты, техникалық орташа жылдамдық жоспар бойынша 46,34 км/сағ болса, іс жүзінде 46,36 км/сағ немесе 100% орындалды. Локомотивтің орта тәуліктегі өнімділігі жоспар бойынша 1 млн 151 мың ткм брутто болса, іс жүзінде 1 млн 156 мың ткм брутто немесе 100% орындалды, ал өткен жылмен салыстырғанда 104% орындалған.

Контейнерлік пойыздардың 1 041 пойызға көбеюінен (2017 жылы – 2055 пойыз, 2018 жылы – 3096 пойыз) және осы контейнерлік пойыздар санының ұлғаюы ескерілмей, жоспар жоғары берілген. Осылайша пойыздың орташа салмағы жоспарға 100% орындалды (жоспар 2 894 тонна болса, нақтысы 2 900 тоннаны құрады).

Локомотивтің орта тәуліктегі жүрісі жоспар бойынша 544 км болса, іс жүзінде 550 км-ге немесе 101% орындалды, ал өткен жылмен салыстырғанда 103% орындалған. Жүк тиеу жоспар бойынша 11 млн 100 мың тонна (181 770 вагон) болса, іс жүзінде 11 млн 307 мың 300 тонна (186 381 вагон) тиеліп, 102% құрады, яғни тиеу бойынша жұмыс көлемі 207 мың тоннаға (4 611 вагонға) немесе 2% артық орындалды.

Өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда жүк тиеу 976 мың 783 тоннаға (16 841 вагон), ал пайыздық мөлшерде 9% артық орындалған. (2017 ж фактісі – 10 млн 330 мың 517 тонна (169 540 вагон).

Тиелген вагонның статикалық жүктемесі жоспар бойынша 60,65 тонна болса, іс жүзінде 60,67 тонна құрап, 100% орындалды. Өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда 99% орындалған. Себебі, өткен жылмен салыстырғанда газойл өнімін тиеу тоқтатылып, керісінше сығылған газ өнімін тиеу артқан.

Байқағанымыздай, көрсеткіштердің орындалмауының негізгі себептері Сарыағаш станциясынан «УТЙ» АҚ-ның пойыздарды қабылдауының төмендігінен орын алған. Осыған байланысты желтоқсан айынан бастап №19, 24, 25, 26 және 27 қосымша жолдарды уақытша пайдалануға енгізіп, Сарыағаш станциясының өткізу қабілеттілігі күніне орта есеппен 4 жұп пойызға көбейтілді, ал Өзбекстан темір жолымен пойыз алмасу 30 жұпқа дейін өсті.

«Қосымша жолдарды пайдалануға берілгенге дейін станцияның өткізу қабілеттілігі күніне орта есеппен 25 жұп пойыз болатын. 2019 жылы жоғарыда айтылған қосымша жолдар толықтай іске қосылса, Сарыағаш станциясының пойыздарды өткізу қабілеттілігін тәулігіне орта есеппен 30 жұп пойыз деңгейінде орындауға мүмкіндік туады. Нәтижесінде өткен жылғы бөлімше бойынша орындалмаған біршама көрсеткіштерді биыл жақсартуға мүмкіндік туады», – дейді Шымкент жүк тасымалы техникалық бөлімінің басшысы Ілияс Нұржанов.

*Суретті түсірген автор*

КӘСІБІ – НӘСІБІ

# БЕКБОЛАТТЫҢ МЕКТЕБІ

Бүгінде Семей вагон пайдалану депосының аға вагон қараушысы Бекболат Мұстафин есімі әсіресе жаңа толқын теміржолшы жастар арасында аңызға айналған десе де болғандай. Дұрысы, өз ісінің хас шеберіне айналған маманның қызметіне байланысты баршаның аузында айтылып жүрген аңызға бергісіз әңгімелер көп. Оның өзіндік себебі де бар.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*



Бекболат Мұстафиннің теміржол саласына келгеніне 35 жылға таяп қалды. Алғашқы еңбек жолын пойыз құрастырушысы болып бастаған бүгінгі жігіт ағасы кейіннен вагон қараушысы қызметіне ауысып, тапжылмастан 26 жыл бойы ВЧД-23 мекемесінде қызмет атқарып келеді. Қызмет барысында қатарының алды.

Вагон қараушылары арасында бейресми түрде ұйымдастырылатын еңбек сайысында Бекболат үнемі топ жарып, алда жүреді.

Өткен 2018 жылы вагон арбасының бүйір рамасынан 10-ға жуық ақаулық тауып, бөлімше бойынша жыл рекордын жасады. Дәл осындай жайт, 2015 жылы да қайталанып, вагон дөңгелегінен ақаулықтың 10 фактісін анықтауы себепті «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісін өңіріне таққан болатын. Бұл тіпті күллі ұлттық компанияның вагон қараушылары арасындағы ең жоғары көрсеткіш саналған екен. Сол тәрізді аға вагон қараушысы 2016-2017 жылдары дәл осы бүйір рамасының 7 кінәратын тауып, тағы да үздік атанған.

– Станция басына келіп тоқтаған әрбір жылжымалы құрамға ең әуелі келе жатқан бетте алыстан көз саламын. Ақаулығы бар вагон мен үшін бір бүйіріне қарай сәл қисайыңқырап тұрғандай сезіледі. Мұндай вагондарды бірден байқап, жіті тексеремін. Мені ішкі интуиция ешқашан алдаған емес, – дейді аға вагон қараушысы Бекболат. Бірақ оның дәл осы әдісін өзге әріптестері еш қайталай алмай-ақ қойыпты.

Расында, бүйір рамасының ақаулығы көп жағдайда зауыттың кінәсінен орын алады. Күрделілігі сол, анықтауға қиын, көзге ілінбейтін тұстардағы сызат бірнеше шақырым жер жүрген соң жарықшаққа айналып, оның соңы апатқа әкелуі мүмкін. Оған мысал көп. Ал, оны анықтау бірінші кезекте вагон қараушысының тәжірибелілігіне байланысты. Мұндайда Бекболатқа көп жылдық еңбек өтілінен түйген әдіс-тәсілдері ғана емес, өзі айтқандай, ішкі түйсігі де көмекке келеді екен.

– Тоқтап тұрған пойыз вагондары арасында өзіне ерекше тартатындары болады. Басқасына емес, дәл соған барғың келіп тұрады. Тыңғылықты тексере келгенде дәл сол вагонның жүріс бөлігінен жарықшақ табылады, – дейді Бекболат. Әріптестері оған «арғы бабаларыңның арасында тәуіп, көріпкел жоқ па еді!?» деп әзілдейді екен. Алайда, кәнігі вагон қараушысы тек нақты фактіге ғана көңіл бөледі. Оның бұлжымас міндеті бойынша пойызды қарсы алған вагон қараушысы бірінші кезекте вагоннан шығатын дыбысқа құлақ түруі керек. Дөңгелек білігінде немесе жақтау рамасында жарықшағы бар вагондардың жүріс кезіндегі дыбысы өзгерек болады.

Бекболат Қапанұлы бүгінде жастарға кәсіби тұрғыдан жетекшілік етуде. Басшылықтың ұйғарымымен желі бойына жиі шығып, техникалық күтім бекеттерінде шеберлік-сыныбын өткізуде. Екінші сыныпты Дегелең, Шар сынды станцияларда жиі іссапарда болады. Сондықтан вагоншылар арасында «Бекболаттың мектебі» деген ұғым қалыптастқан. Вагон қарушылардың тілімен мәселенің мән-жайын шебер жеткізе алатын қабілетке ие маман өткізген «мастер-класс» әсіресе еңбек жолын енді бастап жүрген жастар үшін аса маңызды.

– Әрбір вагон қараушыда ұлғайтқыш әйнек лупа, қалам мен қойын кітапша, арнайы айна және тәуліктің жарық мезгілінде де қол фонарі болуы міндетті, – дейді ондайда Бекболат Мұстафин өз тәжірибесімен бөлісіп. – Сондай-ақ, әр вагон қараушысы орталықтан жіберілетін телеграммалар деректерін мұқият қаперде ұстағаны жөн. Мәселен, айталық 6333 нөмірлі бүйір рамасының сынғаны туралы хабар келіп түсті ме, дәл осы нөмірлі бөлшекке аса мұқият болуы қажет. Себебі, олардың барлығы да зауыттан бір партиямен шығатындықтан сенім жоқ. Мұндай бөліктер көбінесе аязды күндері сыр береді. Сосын әр вагон тексеруші осыған дейін сыр берген бүйір рамаларының нөмірлерін жатқа білу қажет. Ал, күмән тудырған вагон біліктерін қолмен ұстап көру қажет. Оның бөліктері алақан тигізгенде қызып тұрады...

Қазіргі күні ел шығысында аяз қаһарына мініп тұр. Бұл – бүйір рамасы жиі сынатын кезең. Сол себепті де, Бекең бастаған вагон қараушылар «екі қарап, бір шоқуды» әдетке айналдырған. Айта кетерлігі, дәл осы Бекболат Мұстафиннің қырағылығы нәтижесінде бүкіл еліміз бойынша бүйір рамасының ақаулығын табуда семейлік вагон қараушылары жыл сайын бірінші орынды жеңіп алуда.

*Суретті түсірген автор*

ГОД МОЛОДЕЖИ

# О СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЯХ В НОВОМ ФОРМАТЕ

10 семей железнодорожников приняли участие в фестивале «Өнегелі отаудың – өрісі кең» в Астане, организованном ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта».



**Любовь РОВБА**

Основная цель мероприятия – укрепление и пропаганда духовно-нравственных семейных традиций и ценностей, обратная связь с молодыми семьями железнодорожников и повышение их социальной активности. Фестиваль проводится впервые, однако в планах организаторов сделать его ежегодным, а также «растиражировать» в регионы. Формат, вероятно, будет видоизменяться в зависимости от пожеланий и предложений его участников.

Идея создания такой неформальной диалоговой площадки принадлежит бывшей сотруднице отраслевого профсоюза Татьяне Боцул, которая скоропостижно ушла из жизни в минувшем году, так и не успев завершить этот проект. Коллеги по профсоюзу поддержали ее инициативу и совместными усилиями воплотили в жизнь. Церемония открытия фестиваля в актовом зале вокзального комплекса «Нұрлы жол» началась с минуты молчания в память о Татьяне Анатольевне.

С приветственным словом к участникам обратились председатель ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» Оразгали Ахметбаев, заместитель председателя Нурлан Нурпеисов, директор вокзала «Нұрлы жол» Динмухамед Хусаинов и председатель профсоюза Дирекции магистральной сети Балжан Ботатаева.

– С вашей помощью мы сможем узнать и понять, чем дышат молодые семьи, что их волнует. В наших планах – подобные мероприятия проводить во всех уголках страны, – поделился Оразгали Ахметбаев.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ**

В первой половине дня прошел психологический тренинг «Молодая семья: особенности и проблемы». Приглашенный психолог высшей категории, директор ТОО «Психологический центр «Келешек», член комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при акиме города Астаны Наталья Семененко рассказала об основных подходах к воспитанию детей и взаимоотношениях между супругами, совместном обустройстве быта, ответила на все интересовавшие участников вопросы. Каждому из них она уделила внимание и помогла раскрыться.

Опытный психолог похвалила организаторов за уникальный формат мероприятия, отметив, что в ее практике, как правило, отдельно проводились встречи с мужчинами, женщинами или трудовыми коллективами, а семейные пары собрались впервые. Она уверена, что это отличный формат, который нужно приводить в качестве примера плодотворной работы с молодыми семьями.

**ТАКИЕ РАЗНЫЕ ИСТОРИИ**

На фестивале царила дружественная атмосфера. В перерывах звучали песни под гитару, во время презентаций «Визиток семьи» ребята активно поддерживали друг друга, увлеченно рассказывали о своей профессии и делились опытом. История каждой из пар была посвоему уникальной. Так, семья Илюбаевых из регионального филиала «Северный» на фестивале являлась самой опытной – супруги вместе 15 лет. А семья Махамеджановых из Дирекции магистральной сети – потомственные железнодорожники. Руслан – в четвертом поколении, Кырмызы – во втором, в общей сложности стаж всех родных составляет 120 лет. Неподдельный интерес слушателей вызвала история Жаната и Алисы Канылбаевых. О своем романтичном знакомстве они сняли мини-фильм. Работая проводниками в Алматинском участке филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Экспресс», молодые люди не были знакомы, пока однажды по воле случая не оказались в одной бригаде. Признаться в своих чувствах Жанат решился лишь спустя полгода, зато сразу сделал предложение руки и сердца, этот день супруги вспоминают с особой нежностью.

Яркими получились презентации семей работников вокзала «Нұрлы жол» – Шагиевых, Абдикарим, Аршабай-Нуртаевых. Не менее запоминающимися были выступления Мырзагуловых, Машраповых, Альжановых и Айтжановых.

**ПО ДОРОГАМ ТВОРЧЕСТВА**

Следующая часть повестки дня дала участникам возможность проявить свои творческие и интеллектуальные способности, рассказать о семейных традициях, а также побеседовать с представителями известной казахстанской династии железнодорожников Айтбековых.

